

«Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» облыстық өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының көрмесін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» облыстық өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылықтың көрмесін (бұдан әрі - Көрме) өткізу ережелерінің мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Көрменің мақсаты: балалардың сәндік-қолданбалы шығармашылығын дамытуға жан-жақты ықпал ету; қатысушыларға жарыс түрінде өз шығармашылық қабілеттерін дамытуға және көрсетуге мүмкіндік беру; көркемдік және сәндік-қолданбалы шығармашылық саласында тәжірибе алмасу.

3. Көрменің міндеттері:

білім алушылардың көркемдік және халықтық қолданбалы шығармашылыққа және мәдени мұраға назарын аударту;

оларды белсенді шығармашылық қызметке араластыру;

өз бетінше жұмыс істеуді, жұмысқа деген шығармашылықты және жеке тәсілді дамыту;

шығармашылықпен араласу алаңын құру, көрмеге қатысушылар арасында достық қарым-қатынасты дамыту;

көркем-эстетикалық талғамды дамыту және жас шеберлерді қазақ халқының мәдениеті мен өнерінің үздік үлгілеріне араластыру;

балалардың бойында патриотизм сезімін, ұлттық мәдениетке, Қазақ халқының дәстүрлерін құрметтеу және ықыласпен қарау көзқарасын тәрбиелеу.

4. Көрмені Павлодар облысының Білім беру басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша өткізеді.

5. Көрменің әділ қазылар алқасының құрамын Павлодар облысының Білім беру басқармасы қалыптастырады.

6. Көрменің ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Көрмені ұйымдастыру уақыты мен орны

7. Көрме Павлодар қаласында 2020 жылдың 16 наурызынан 2020 жылғы 3 сәуір аралығында өткізіледі.

Өтінім беру: 2020 жылғы 16 наурыз - 27 наурыз

Экспонаттарды әкелу - 2020 жылғы 30, 31 наурыз

Әділ қазылар алқасының жұмысы 1-сәуір

жеңімпаздарды марапаттау 2020 жылғы 3-сәуір.

8. Көрмеге қатысуға өтінімдер 2020 жылғы 16-27 наурыз аралығында (1 қосымша) қала және аудан білім беру бөлімдері басшыларының қойылған қолымен бірге мына мекенжай бойынша қабылданады: 400000 Павлодар қ., 1 Май к-сі, 27 «Облыстық Оқушылар сарайы» №349 каб., электрондық пошта: mirzoan@bk.ru, тел. 8(771)4762917

9. Өтінімге қоса: әр жұмыстың аннотациясы электрондық түрде (2 қосымша) және қалалық немесе аудандық көрме-конкурстарының жеңімпаздары көрсетілген қазылар алқасы шешімінің көшірмесі.

3. Көрме қатысушылары

10. Көрмеге балалар шығармашылығы көрмелерінде орындаудың түрлі жанрлары, техникалары және материалдары бойынша жеңімпаз атанған облыстың мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының және жалпы білім беретін мектептердің 10-17 жастағы білім алушыларының жұмыстары қабылданады. Жұмыстар авторлық (жеке) болуы қажет.

11. Көрмеге әр түрлі жанрлар, әдіс тәсілдер, материалдар бойынша авторлық жұмыстар қатысады.

Әр номинация бойынша бір қатысушыдан 5 жұмыстан артық қабылданбайды (бір бала бір номинацияға қатысады)

4. Көрмені өткізудің тәртібі және шарттары

12. Бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы көркем, сәндік-қолданбалы шығармашылықты дәріптеу, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру мақсатында Көрме екі кезеңмен өткізіледі.

1) бірінші кезең (іріктеу) – қалалық және аудандық: аталған номинациялар бойынша әрі қарай балалар шығармашылығының облыстық көрмесіне қатысу үшін үздік жұмыстарды анықтау мақсатымен 1,2,3 орындар белгілеп, балалар шығармашылығының қалалық және аудандық көрмесін өткізу

2) екінші кезең: ережеде көрсетілген номинациялар бойынша үздік жұмыстарды анықтау мақсатымен және одан әрі Республикалық көрме – конкурсқа қатысу үшін облыстық көрме-конкурс өткізу (өтінімдерді қабылдау 2020 жылғы 16 наурыз- 27 наурыз аралығында

Экспонаттарды әкелу -2020 жылғы 30, 31 наурыз

Әділ қазылар салқасының жұмысы 1-сәуір

жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 2020 жылғы 3-сәуірде өткізіледі.

13. Көрменің бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің басшыларының бұйрығымен анықталады.

14. Көрмеге әр номинация бойынша 5 жұмыстан артық қабылданбайды:

1) «Жарамсыз материалдардан жасалған бұйым»;

2) «Табиғи материалдардан жасалған бұйым»;

3) «Тұрмысқа арналған креативті бұйымдар»;

4) «Ұлттық колориті бар интерьердің ерекше дизайн-жобасы: үйдің, бөлменің, саяжайдың, ландшафтың және т.б.»;

5) «Матадан жасалған бұйымдар (құрақ техникасы, жұмсақ ойыншық және т.б.)»;

6) «Өңірдің көркемдік және халықтық қолөнері».

15. Жұмыстардың ілеспе заттаңбасы (этикеткасы) болуы тиіс: жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, орындау техникасы, білім беру ұйымының аталуы.

Жұмыстар көрсетілім үшін толығымен дайын болуы керек (ілгіштер: жиектері, ілмектері, тірегіштері және тағы басқаларының болуы).

16. Көрме жұмыстары келесі өлшемдермен бағаланады:

Шығармашылық тәсіл:

тақырыпқа сәйкестігі,

көркемдік талғамы, ерекшелігі;

композициясы;

түстік шешімі, колориті;

сапасы:

таңдалған техниканы меңгеруі;

жұмыстың эстетикалық түрі және безендіруі;

орындау сапасы және ұқыптылығы;

бұйымның немесе көркемдік жұмыстың күрделілігі;
ұсынылған бұйымдардың тазалығы мен экологиялығы.

17. Көрме жұмыстарын байқау өлшемдеріне сәйкес 10 баллдық жүйемен кәсіби әділ қазылар бағалайды. Әділ қазылардың шешімдері хаттамада толтырылады.

18. Көрме аяқталғаннан кейін конкурстық жұмыстары қатысушыларға қайтарылады. Жұлделік орын алған жұмыстар (Бас жүлде және 1 орын «Шеберлер қаласы» жобасының Республикалық турына қатысу үшін қалдырылады)

5. Қатысушыларды марапаттау

19. Жеңімпаздар дипломмен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Көрме қатысушыларына сертификаттар беріледі. Көрме жеңімпаздарын дайындаған педагогтерге алғыс хаттар табысталады немесе жіберіледі.

6. Қаржыландыру

20. Көрменің қалалық және аудандық кезеңдерін жергілікті атқару органдары қаржыландырады.

21. Облыстық кезеңін Білім беру басқармасы қаржыландырады.

1 қосымша

**«Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының облыстық көрмесіне қатысу туралы
ӨТІНІМ**

№ р/с	Қатысушының тегі, аты, жөні (толық)	Күні, айы, туған жылы	Тұратын жері, (облыс, қала, ауыл, телефон)	Білім беру ұйымы, сыныбы, курсы	Қатысушы оқитын қызығушылықтары бойынша ұйым және бірлестік	Номинацияның аталуы	Жұмыстың аталуы	Жетекшісінің тегі, аты, жөні (толық), байланыс телефоны

Өтінім білім беру ұйымы басышысының қолы және мөрімен куәландырылады

2-қосымша

Жұмысқа аңдатпа

Ұйым _____

Номинацияның аталуы _____

Ұсынылатын жұмыстың аталуы _____

Автордың тегі, аты, әкесінің аты _____

Жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты _____

Қысқа сипаттамасы _____

Негізгі сипаттамасы _____

